

Зимний выпуск
2016-2017
Қысқы басылым

KJC
NEWS



В выпуске вас ждут...

Басылымда
көретіндеріңіз...

Выставка «Обучение в Японии 2016»
«Жапонияда білім алу 2016» көрмесі



стр.
3
бет

стр.
4
бет



День культуры Японии
Жапон мәдениеті күні

Письма из Окинавы
Окинавадан келген хаттар



стр.
5
бет

стр.
6-8
бет



«Шелковый путь от Казахстана до Японии»
«Қазақстаннан Жапонияға жібек жолымен»

Наш милый доктор Практика
Біздің сүйікті Практика дәрігеріміз



стр.
9-10
бет

стр.
11-13
бет



Объявления и новости библиотеки
Хабарландыру мен кітапхана жаңалықтары

«Жапонияда білім алу» атты көрме



2016 жылы Қарашаның 6-ншы жұлдызында Алматы Қаласында жыл сайынғы кең ауқымды «Жапонияда білім алу» атты көрме өтті. Қазақстан-жапон адам ресурстарын дамыту орталығы бұл көрмені 2009 жылдан бері JICA (Жапония халықаралық ынтымақтастық агенттігі), JASSO (Жапондық шетел студенттерін қолдау ұйымы) және Қазақстан Республикасындағы Жапония Елшілігінің қолдауымен ұйымдастырып келеді.

Көрмеге Цукуба Университеті, Осака Университеті, Токай Университеті (елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өзінің Жапонияға ресми сапары кезінде барған Университет) және Кәсіпкерлік саласындағы дипломнан кейінгі білім беру Институты секілді Жапонияның алдыңғы қатарлы университеттері мен Ғылымды дамыту бойынша Жапония Қоғамдастығы қатысты.



Жапон университеттерінің өкілдері барлық келген қонақтарға арнап өздерінің білім беру саласындағы шығармашылық жұмыстары, шетел студенттеріне арналған бағдарламалары мен шәкіртақылары жайлы презентация көрсетіп, жеке кеңестер берді.

Көрмеге оқушылардан бастап Жапония ЖОО-нда ары қарай білімдерін жалғастырғысы келетін оқытушылар мен магистранттарға дейін келді.

Егер сіз белгілі бір себептермен көрмеге келе алмаған болсаңыз, алайда жоғарыда аталған университеттердің презентацияларының электрондық материалын алғыңыз келсе, бізге хабарлассаңыз болады. Біз Сізге материалдардың орыс тіліндегі электрондық нұсқасын жібереміз.

japancenter@kjc.kz



Жапон мәдениеті

күні

Жапон мәдениеті күні – Алматы Қаласы үшін дәстүрге айналған ірі іс-шара. Күншығыс еліне қызығушылық танытатын қауым бұл күнді асыға күтеді. Міне, 20-ншы қарашада Қазақстан-жапон адам ресурстарын дамыту орталығы ҚР Жапония Елшілігінің қолдауымен ҚР Орталық мемлекеттік мұражайында кезекті күнін өткізіп, барлық келем деушілерге есігін ашты. Фестивальді алғаш рет қатысып отырған Жапонияның Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Ичиро Кавабата ашты және «осындай суық ауа-райына қарамастан, жапон мәдениетіне қызығушылардың келгеніне, сонымен қатар кішкентай балаларын ертіп келгеніне» риза екенін атап өтті.

Ресми бөлімі дәстүрлі түрде жапон барабандарының «құлақтан кіріп, бойды алар» қуатты үнімен басталды; содан кейін көрермендер дәстүрлі жапон инструменті шамисеннің жанды дыбысынан; Ката – Қазақстандық дәстүрлі айкидо қауымдастығы мен 6-ншы дан иегері, сонымен қоса ҚЖО-да КАЙДЗЕН саласындағы алдыңғы қатарлы бизнес кеңесшісі – Сузуки Хаджименің бірлескен Айкидо көрсетілімінен; Ода Ясуко ұсынған икэбана көрсетілімінен ләззат алды. Концерттің соңында ҚЖО ұйымдастырған 2016 жылғы караоке сайысының жеңімпазы Кулжабаева Талшын жапон тіліндегі өлеңі мен биімен көрермен қауымды жандандырды.



Концерт бітісімен қонақтар кирие, оригами, фурошики, Го дейбисы мен Шё:ги шахматы, шай рәсімі секілді арнайы бұрыштарда шеберлік сабақтарына қатысу мүмкіндігіне ие болды. Жапон қуыршақтарын, дәстүрлі ойыншақтарын, түрлі тағамдарын көре алды. Фестивальда еріктілердің арқасында жапондардың жазғы киімін киіп, достарымен туыстарымен суретке түсу мүмкіндігі болды. Және Жапонияда білім алу, жұмыс істеу, саяхаттау жайында ақпарат алып, ең алғашқы жапон сөздерін үйрететін жапон тілінің сабағына қатыса алды. Дәстүрден бөлек, келген қонақтар жапон техникасының жаңалығын өз көзімен көре алды. Фестивальға Panasonic, Sony, Jetro, Tokyo rope секілді алып компаниялар қатысты.

Окинавадан келген хаттар



2015 жылдың шілде айынан бастап Жапонияның кадрлық агенттігі Қазақстан мен Қырғызстаннан келешегі мол қызметкерлерді қабылдай бастады. Жапонияда туу көрсеткішінің төмендеп, халықтың қартаюынан қоғамды жас мамандармен қамтамасыз ету қиынға түсіп жатыр. Қазақ және қырғыз жастарының жоғары білімді болып, жапондықтарға сыртқы келбетімен ұқсас болғандығынан, жапон ұйымдарына жұмысқа орналасу оңай деп есептеледі. Қазіргі кезде туризм саласына жұмысқа қабылдау жүріп жатыр және Қазақстаннан 10 адам қонақ үйлерде жұмыс істеп жатыр. Қазақстан-жапон орталығы жұмыс жайында хабарлайтын және сұхбаттасу жүргізетін орын болып табылады. Келешекте ҚЖО көптеген жас әрі талантты жастар үшін байланыстырушы орталыққа айналады деп ойлаймыз.

Төменде Окинавада қызметтерін атқарып жүрген жастардың пікірлері берілген
(ТОЛЫҚ НҰСҚАСЫҢ KJS.KZ САЙТЫНАН ОҚУҒА БОЛАДЫ)

"Осы жылы Жапон орталығының арқасында екі рет Жапонияға бару мүмкіндігі туды. Біріншісі – Жапонияның премьер-министрі Синдзё Абэ ұсынған Орталық Азия елдеріне арналған, Осака қаласында өтетін екі апталық тегін стажировка. Ал екіншісі – Окинава қонақ үйлерінің бірінде келісімшартпен 1 жыл жұмыс істеу. Жапондар өте еңбекқор дегені рас екен, оларға қашан қарасаң да, бірнәрсені істеп жүреді, жұмыс болмаса да, олар оны тауып алады. Қатты қуанатынымын..."



Дилярам

Даурен



"Маған Окинава елестеткенімнен мүлдем басқаша болып шықты. Мұнда биік ғимараттар мен далада қаптап жүрген адамдар жоқ. Өте ыстық, өте! Басында бұл ыстыққа әрең шыдадым. Қазір күн салқындағаннан ба әлде үйренгеннен бе, ауаның жанып тұрғаны онша сезілмейді. Менің тұратын жерім – қонақ үйдің жатақханасы. Бөлмесі кең, таза. Төлейтін ақшасы да басқа жалдамалы үйлерге қарағанда арзанырақ..."



"Қазақстаннан Жапонияға жібек жолымен"

Осы жылдың тамыз айында Жапон орталығы «Terakoуа Japan» деген компанияның шақыруымен Қазақстанның 13 азаматына саяхат ұйымдастырды.

Шақырушы жақ әуе билетінен басқа барлық шығыстарын төледі, Осы саяхат, қазақстандықтарды Жапония мемлекетінің мәдениетімен таныстыру үшін ұйымдастырылды. Төменде қатыскерлердің пікірлерін ұсынамыз.



Арман



"Бұл сапар туралы мен көктемгі курстардың жабылу салтанатында білдім. Бірден Жапонияға екінші рет бару мүмкіндігін қолданып қалу керектігін түсіндім. Екі ай тез өтіп кетті, Осакаға да келіп жеттім. Ол жерде бізді "Terakoуа" компаниясының Акиба сан және Савако сан деген қызметкерлері күтіп алды. Куротаки деген кішкентай ауылға келіп, рёканда түнедік. Келесі күні Кашихара қаласына аттандық. Кашихара қаласы Жапонияның алғашқы астанасы болып табылады. Онда біз қаланың ең ескі үйлері мен буддисттік ғибадатханалар орналасқан Имаичо деп аталатын ескі ауданға бардық. Қала әкімшілігіне барып, қала әкімі Моришито санмен кездестік. Біздің қуанышымызға орай, сол күні Имаичо ауданында Атаго мерекесі тойланып жатты. Мереке кезінде жапон мәдениетінің әсемдігінің ерекше атмосферасы орнады..."

ТОЛЫҚ НҰСҚАСЫҢ KJS.KZ САЙТЫНАН ОҚУҒА БОЛАДЫ





"Қазақстаннан Жапонияға жібек жолымен"

Екатеринадан жадынама

Курасова-Ким Екатерина Жапонияға барып тек қана Үлкен Әсер емес, оған қоса болашақта саяхатқа баратын азаматтарға арнап жадынама жазып алып келді.

Біз толықтай Екатеринаны қолдап отырып, достарымыздың Жапониядағы уақыттары көңілді өткенін қалаймыз. Жәнеде осы жадынаманы қолдана отырып Қазақстанның беделін сақтауға тырысу керек деп ойлаймыз.



1. Кешікпеңіз! Жапондар уақытқа тиянақты, бұл олардың мәдениетінің маңызды бір бөлігі, сондықтан Жапонияға барғанда өзгенің мәдениетін құрметтегендеріңіз дұрыс. Ол үшін белгіленген уақыттан бес минут бұрын ерте шығуға үйреніңіздер. Мысалы, таңғы асқа 8:00-де бару керек болса, сіз үшін 7:55-те деген сөз. Осылайша кешікпеуге үйренуге болады.
2. Барлық жерде қатаң тәртіптің болуы жапондардың ділінің маңызды бөлігі болып табылатындықтан, оны біз де сапар барысында ұстануымыз керек: жалпы топтан алысқа кетпеу, дүкендерде ұзақ уақыт жүрмеу, жоғалмау. Әрдайым жиналатын жерді және уақытын нақтылап алу.
3. Сапарға өзіңізбен бірге міндетті түрде кәдесыйлар (көп болғаны жақсы) алып барыңыз, оларды сапар барысында кездестіретін жапондарға сыйлайтын боласыз. Сіздерге барған жерлеріңізде қандай да бір сыйлықтар беретін болады, сондықтан біз де қонақжай халық болғандықтан, жақсылыққа жақсылықпен жауап берейік. Кәдесыйлар ретінде шоколад немесе тәттілер («Рахат» фирмасы түрлі тартулық үлгілер шығарады), түрлі қолдан жасалған бұйымдар: киізден жасалған боталар, кеселер, Қазақстан көріністері бейнеленген магниттер және т.б. Өзге елге барғанда біз тек ол елдің мәдениетімен ғана танысып қоймай, бізге қарап жапондар да біздің елімізбен танысатынын

ұмытпағанымыз жөн.

Екатеринадан жадынама



4. Сапарға өзіңізбен бірге ыңғайлы киім мен аяқ-киім алыңыздар. Ең жақсысы – кроссовки, джинсы/шолақ шалбар, жеңіл жейде және т.б.
5. Көп жерлерде кредит картасын қабылдайтындықтан өте ыңғайлы. Әуежайда түрлі банк бөлімшелері болғандықтан, ұшып келгенде бірден әуежайда ақшаны айырбастап алсаңыз болады. Өзіңізбен бірге АҚШ долларларын алған жөн.
6. Жапонияда судың сапасы өте жақсы, тіпті кез-келген жерде суды краннан ішуге болады. Тек қана ішуге жарамсыз су деп жазылып тұрған жерлерде ғана болмайды (жапон, ағылшын тілдерінде сәйкесінше жазуы мен суреті болады). 
7. Көп жерлерде тегін Wi-Fi бар, сондықтан жергілікті сим-карта алудың қажеті жоқ.
8. Кез-келген жерде түрлі сусындар сататын аппараттар болғандықтан, өзіңмен бірге су алып жүрудің қажеті жоқ. Аптап ыстық ауа-райының кесірінен ағзаның сусыздануынан қорғану үшін көп су ішуге тырысыңыз. Және де күріш жегеннен кейін де көп су ішкіңіз келеді (ал оны сіз көп жейсіз, себебі ол – жапондардың негізгі асы).
9. Барлық туристік орындарда, дүкендерде және т.б. жерлерде әжетханалар бар. Олардың бәрі таза және жайлы.
10. Сапарға өзіңізбен бірге бас киім (кепка, жұқа қалпақ) алғаныңыз дұрыс. Және қолшатыр алсаңыз да болады (қолшатырды кез-келген жерден сатып ала аласыз).
11. Жапонияда шағын супермаркеттер көп, олардан тәттілер, алғашқы қажеттілікке арналған заттар, дайын тағамдар мен дәрілер сатып ала аласыз.
12. Мүмкіндігінше жапон тілінде сөйлеп, тіліңізді жаттықтыруға тырысыңыз (дүкенде, мейманханада немесе т.б. жерлерде). Ұялмаңыз, жапондар өте мейірімді, олар сізді мұқият тыңдап, керек болса қайталап айтып, сізге барынша көмектесуге тырысады.
13. Сапар алдында Жапония туралы негізгі мәліметтермен танысып шыққан өте пайдалы. Мысалы, Википедиядан. Ол көп уақытты алмайды, бірақ ел жайлы жалпы түсінік беріп, нақты неге көңіл аудару керектігін түсінуге көмектеседі.
14. Әрдайым жақсы көңіл-күйде болыңыз. Жақсы көңіл-күй сапардан ләззат алып, көп жаңа достар табуға көмектеседі.

Сіздерге ақ жол мен көңілді сапар тілеймін!

Біздің сүйікті Практика дәрігеріміз



Сузуки Хаджиме, 79 жаста, жапондық инженер-кеңесші. Бұл кісіні алғаш рет көргенде Қарапайым жапондық саяхатшы деп ойлап Қаласың: сұр спорттық киім мен тоқылған бас киім киіп жүретін зейнеткерлерімізді сирек кезіктіресің. Иығындағы ноутбукқа арналған сөмкесі турист бейнесін толықтырады. Алайда ағарған шаштарының астарынан жүйрік ой, қимылынан қайраттылық пен мақсаттылық сезіледі.

1961 жылы Сузуки-сан Жапониядағы ең беделді институтты аяқтап, Fuji Iron & Steel NSC компаниясында инженер-технолог болып істей бастады. Жұмыста Хаджиме мырза ең жақсы қасиеттерін көрсетіп, үлгілі қызметкер әрі жақсы маман ретінде танылады. Компанияда шамамен 10 жылдай жұмыс істеген соң, Америка Құрама Штаттарына білімін жалғастыруға аттанады. Мичиган Университетінде магистр дәрежесін алғаннан кейін, Nippon Steel компаниясына өз қызметіне қайта оралады. Алайда 1979 жылы Венесуэладағы Ұлттық Болат Құю Корпорациясында өндірісті жоспарлау және басқару бойынша техникалық кеңесші орнына тағайындалады.

Зейнеткерлік жасқа жетіп қалған шағында Сузуки-сан кеңесші ретінде жұмысын жалғастыруды мақсат етті. Жапония Халықаралық Ынтымақтастық Агенттігінің кеңесшісі болып тағайындалған соң, өндірістің алуан түрін дамыту үшін көптеген елді аралап шықты. Алғашқы ұзақ мерзімді жобасы Сингапурда болды. Ол жақта 1984 жылдан бастап жұмыс істегенде бірталай компанияның үрдісін жақсартуға үлесін қосты.



Кеңесші ретіндегі қызметі кезінде «Кайдзен. Ключ к успеху японских компаний» және «Гемба кайдзен. Путь к снижению затрат и повышению качества» атты кітаптардың авторы, танымал жазушы Масааки Имаиді кездестіргені жайында атап кеткеніміз абзал. Имаи мырза «lean-гуру» болып мойындалғанмен, Кайдзеннің практикі болған емес. Ол өзінің кітаптарында Кайдзеннің практикалық қолданылуына емес, оның философиясына екпін түсіреді.



Осы жағдай оны өндірістегі практикалық Кайдзен және оның қолданылуына ерекше көңіл бөлетін кітап жазып шығуға қанаттандырды. Сол кітаптың шығысымен біздің кейіпкеріміз – Практика Дәрігер де пайда болды. Кітабында Сузуки-сан оқырманға өзінің кейіпкері арқылы жүгінеді. Ол бейненің сәтті болғаны сонша, Хаджиме мырза семинарлар мен тренингтер кезінде тыңдаушылардың практикалық Кайдзенді жақсы меңгеріп, оны ары қарай өз бизнесі мен өмірінде тиімді қолдануы үшін Практика Дәрігерді пайдаланады.

Қазір осы кісінің сүбелі тәжірибесі Қазақстан-жапон адам ресурстарын дамыту орталығы мен Жапония Халықаралық Ұнтымақтастық Агенттігінің «Кайдзен Жобасы» арқылы біздің Қазақстандық компаниялардың өндірістік үрдістерін жақсартуға септігін тигізіп жүр. Оның қырағы бақылауы мен данышпан өсиетінің негізінде Қазақстанның түрлі қалаларындағы ондаған компаниялар өз өндірісін жақсартып келеді.

With POSITIVE MIND
You CAN MAKE IT !!



Егер Сіз де оның семинарын тыңдағыңыз келсе, Жапон орталығының бизнес курстар бөліміне хабарласыңыз. Семинар тыңдаушылары Кайдзен бойынша Жапонияда өтетін тренингке – гранттық бағдарлама іріктемесіне қатысады.

Біздің жіберілімімізге жазылып, бизнес курстар бөлімінің іс-шаралары жайында ақпарат алып отырыңыз (bcd@kjc.kz).

ЖАПОН ТІЛІ КУРСТАРЫ 2017 ЖЫЛ БАҒДАРЛАМАСЫ

ЖАПОН ЖАЗУЫН ҮЙРЕТЕТІН КУРСТАР

23 қаңтар – 3 ақпан

19-30 маусым

4 – 15 қыркүйек

СЕМЕСТРЛІК КУРСТАР

15 ақпан – 24 маусым

19 қыркүйек – 25 қаңтар

ИНТЕНСИВТІ КУРСТАР

11 шілде – 19 тамыз

БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН КУРСТАР

Байқау сабағы (тегін)

ЖАПОН ЖАЗУЫ КУРСЫ ХИРАГАНА - КАТАКАНА

Жапон қорының қолдауымен



Оқу мерзімі:

23 қаңтар – 3 ақпан

19 - 30 маусым

4 -15 қыркүйек

Жапон жазуы курсына
жазылуға
асығыңыздар!

КАРАОКЕ САЙЫСЫ

Сайысқа кез-келген адам жеке орындаушы ретінде немесе топпен қатыса алады.

Жапон тілін білу міндетті емес, тек жапон тілінде ән орындау керек!

Сайысқа қатысу үшін japancenter@kjc.kz эл.поштасына:
өтінім қағазды толтырып жіберу (үлгісі www.kjc.kz сайтында бар)
әннің караоке-нұсқасын жіберу (mp4)

Өтінімдер 20-шы қаңтарға дейін
қабылданады




Өткізілетін орны:
Қазақстан-Жапон Орталығы
Тел: +7(727) 3771339 (Айдана)



Былтырғы сайыстан көрініс





Кітапхана жаңалықтары!!!



Қазақстан-жапон орталығының кітапханасына түрлі жанрдағы жаңа кітаптар мен DVD-дисктер келіп түсті. Оларды кітапхана сөрелерінен таба аласыздар! Біз сіздерді күтеміз!



Кітапхананың жұмыс уақыты:

Дс.-Жм.: 10:30-18:30

Сб.: 10:00-13:00

Жс.: демалыс